

Бастапқы нөмір: \_\_\_\_\_



**ЖАРЫСҚА ҚАТЫСУШЫ ҚОЛХАТЫ**  
**өзінің өмірі мен денсаулығы үшін жауаптылық туралы**  
**(өзі толтырады)**

Мен (Т.А.Ә.) \_\_\_\_\_,  
(бұдан әрі – «Қатысушы»), ЖСН \_\_\_\_\_,  
жылы туғанмын, жеке басымды куәландыратын құжат: (жеке куәлік, ықтиярхат, паспорт)  
№ \_\_\_\_\_, ж. « \_\_\_\_\_ » \_\_\_\_\_, \_\_\_\_\_ берілген  
(берілген күнін және кім бергенін көрсету қажет) «**QAZAQ MARATHON**» КҚ (бұдан әрі –  
«Ұйымдастырушы») ұйымдастыруымен 2024 жылғы «25» тамызда Тараз қаласында  
өтетін «**QAZAQ MARATHON ZHAMBYL 2024**» жүгіру жарысына (бұдан әрі – «Жарыс»)  
(дистанция : \_\_\_\_\_) қатысуға өз еркіммен келісімімді білдіремін.

Менің 2024 жылғы «25» тамызда жүгіру жарысына қатысуына байланысты мен қол қоя отырып, төмендегілерді растаймын, оларды мойындаймын және өз атымнан олармен келісемін:

1. Жарысқа қатысуға келісімімді білдіремін және Жарысқа қатысуға қойылатын шарттармен, қағидалармен, Ұйымдастырушының <https://www.qazaqmarathon.kz> сайтында (бұдан әрі – «Сайт») орналастырылған Жарысты өткізу туралы регламентпен, медициналық қарсы көрсетілімдермен танысқанымды растаймын. Ұйымдастырушы растайтын құжаттарды ұсынуға сұрау салған жағдайда оларды ұсынуға міндеттенемін;

2. Менің физикалық жағдайым және дайындығым талаптарға сай екенін, Жарысқа қатысу үшін дәрігерлерден қажетті рұқсаты бар екенін және менің өмірім мен денсаулығым үшін жағымсыз салдарларға алып келуі мүмкін спортпен айналысуға қарсы көрсетілімдер жоқ екенін растаймын. Өзімнің қауіпсіздігім мен денсаулығым үшін өзім жауап беремін;

3. Алкогольден, есірткіден, уытқұмарлықтан мас күйде емес екенімді растаймын, сондай-ақ әрекетке толық қабілетті екенімді растаймын, адасу, алдану, қауіп жағдайында болу, қасақана келісу немесе ауыр мән-жайлар әсерінде емес екенімді растаймын;

4. Өз атымнан және өзімнің мұрагерлерімнің, құқықтық мирасқорларымның, жеке өкілдерімнің және жақын туыстарымның атынан осымен Жарысқа қатысушы ретінде менің өлімім немесе жарақат алуым, меншікті мүлкімнің жоғалуы немесе бүлінуі жағдайында, сондай-ақ Жарысқа қатысушы ретінде Жарыс уақытында келтірілген кез келген физикалық залал үшін Ұйымдастырушы жауапты болып табылмайтынын растаймын, өмірім мен денсаулығымға еңбекке жарамсыздыққа, өліміме алып келген зиян келтірілген, сондай-ақ жеке мүлікке залал келтірілген немесе ол бүлінген жағдайда Ұйымдастырушыны жауаптылықтан, сотпен қудалаудан босатамын және Ұйымдастырушыға, олардың өкілдеріне және/немесе жұмыскерлеріне, Жарыс демеушілеріне қандай да бір материалдық және өзге де наразылықтар/талаптар білдіруден алдын ала бас тартамын. Осы талаптан бас тарту менің ықтимал мұрагерлеріме, құқықтық мирасқорларыма, қорғаншыларыма Жарысқа дейін, Жарыс кезінде және Жарыстан кейін қолданылады;

5. Егер Жарыста болу немесе қатысу кезінде оның ішінде денсаулығыма қалыпты емес елеулі қауіп туындағанын білсем, Жарысқа қатысуды тоқтатуға және осындай қауіп туралы ақпаратты Ұйымдастырушының және/немесе оның өкілінің немесе жақын жерде болатын өзге жауапты адамның назарына жеткізуге міндеттенемін;

6. Егер Жарысқа қатысу кезінде маған қатысты жазатайым оқиға орын алса, бұл туралы: \_\_\_\_\_ телефоны бойынша хабарлауды өтінемін (ұялы телефон нөмірін көрсету қажет);

7. Жарыс кезінде ешқашан және ешбір жағдайда қасақана басқа қатысушыларға, Ұйымдастырушыға және Жарыстың демеушілеріне, бөгде адамдарға, сондай-ақ мүлікке зиян келтіретін жағдайлар жасамаймын;

8. «Дербес деректер және оларды қорғау туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес Ұйымдастырушының Сайтында Жарысқа қатысу үшін тіркеу нысанын толтыра отырып және осы қолхат бойынша ақпаратты растайтын құжаттарды Ұйымдастырушыға ұсына отырып, Жарысқа қатысу үшін тіркелуімді қамтамасыз ету мақсатында ғана Жарыс Ұйымдастырушысына берілетін дербес деректерімді жинауға, өңдеуге, пайдалануға және сақтауға келісімімді беремін;

9. Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің 145-бабына сәйкес Ұйымдастырушының спорттық іс-шараларды насихаттауы, сондай-ақ Ұйымдастырушының қызметін насихаттау мақсатында, осымен Ұйымдастырушының немесе Ұйымдастырушының атынан және оның мүддесіне әрекет ететін үшінші тұлғалардың менің Жарысқа қатысу бейнемнің бейне және фототүсірілімдерін (фотосуреттер және/немесе бейнероликтер) жүзеге асырына келісімімді беремін, сондай-ақ бейнемнің кез келген тәсілмен мерзімін және пайдалану аумағын шектемей жариялауға, көрсетуге және таратуға келісімімді беремін. Осы келісімді тегін және мерзімін белгілеусіз беремін;

10. Жарысты өткізу туралы регламентпен таныстым, оларды бұзған жағдайда жарыстан шығарылатынымды түсінемін;

11. Осы Талаптан бас тарту туралы қолхатпен таныстым. Жоғарыда көрсетілген барлық шарттардың мағынасын және мәнін толық түсіндім. Осы Қолхатқа ерікті түрде және ешбір мәжбүрлеусіз, толық қабілетті бола тұра қол қоямын.

Қолхаттың жасалған күні : 2024 ж. « \_\_\_\_ » \_\_\_\_\_.

Қолы: \_\_\_\_\_